

Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 29 тамыздағы N 252-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2006 жылғы 4 қыркүйекте Астана қаласында Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2006 жылғы 4 қыркүйекте Астана қаласында Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы: қосымшаға сәйкес Өзбекстан Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын; сапарды Астана қаласында өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Өзбекстан Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын, Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын және өткізсін.

6. Астана қаласының әкімі Өзбекстан Республикасының ресми делегациясын баратын жерлерде қарсы алу және шығарып салу, сондай-ақ Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Астана қаласының әуежайында және "Ақорда" Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясында Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовті қарсы алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер - Министрдің

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Премьер - Министрдің

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 9

т а м ы з д а ғ ы

№

2 5 2 - ө

ө к і м і н е

қосымша

Өзбекстан Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Өзбекстан Республикасы ресми делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Риксос Президент Отель" қонақ үйіне 1+11 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Риксос Президент Отель" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімін (бейждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Өзбекстан Республикасы ресми делегациясының басшылары мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Өзбекстан Республикасының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтің құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Шаралар өтетін жерлерді гүлдермен безендіру.

8. Ресми делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК